



ҚАЛА ТЫНЫСЫ

ҚЫСТЫҢ ҚАМЫН ЖАЗ ОЙЛА ЖЫЛУ МАУСЫМЫНА ДАЙЫНДЫҚ ҚАЛАЙ?

Жылу беру маусымында әлеуметтік нысандар мен тұрғын үйлерде апаттық жағдайлар мен ақауларды болдырмау аса маңызды. Қыс мезгілінде қысылтаян жағдай болмау үшін тыңғылықты дайындық қажет. Облыс орталығында жылу және инфрақұрылым жаңғырту жұмыстары жүйелі жүргізілуде.



«Ақмешіт» қоғамдық

Құны 215 млрд теңгені құрайтын жобаны түркиялық «Akse Energy» компаниясы жүзеге асырған. Жаңа орталықтың қуаттылығы 240 мегаватт электр және 277 гигакалория жылу энергиясын өндіреді. Жоба аясында қуаттылығы 176 МВт 2 газ турбиналық қондырғы, 95 МВт бу турбинасы, қуаттылығы 120 тн/сағ 2 бу қазандығы мен 150 Гкал/сағ 4 жылу қазандығы орнатылған. Бүгінде жаңа орталық толық іске қосылып, электр энергиясын өндіруде. Алдағы жылу маусымынан бастап қала тұрғындары жаңа орталықтан жылу алады.

Бүгінгі күнге дейін қаланың басым бөлігін жылумен қамтамасыз етіп келген «Қызылордажылу-электр орталығының» жұмысымен танысты. Қазіргі таңда кәсіпорындағы жылу энергия көздерінің 85 пайызы, жылу желілерінің 40 пайызы тозған. Станция 67 мегаватт

электр, 355 гигакалория жылу энергиясын өндіреді. Жалпы алдағы жылу беру маусымына дайындыққа 5,5 млрд теңге қаржы бөлу жоспарланған. Бұл қаражат есебінен 8,7 шақырым жылу желісін жаңғырту жобасы аяқталып, №1 және №2 газ турбиналық қондырғыларға күрделі жөндеу жүргізіледі. Сонымен қатар 1,3 шақырым жылу желісі, 1 қазандық, 1 турбина, 10 автономды қазандық, негізгі және қосалқы жабдықтар жөнделеді.

«Қызылорда электр тарату тораптары» мекемесінде қысқа дайындық жұмысы жүруде. Мекемеге қарасты 10608 шақырым электр желісі, 2058 қосалқы станция бар, ал трансформаторлардың жалпы қуаты 1350 мегаватт.

«Ақмешіт-ақпарат»

«Бүгін 50 градус екен». Күн күйдіріп барады, далада жұмыс істеу мүмкін емес». «Құрылыс бастап едім, жұмысым өнбеді. Бұрынғыдай жаз ыстығына қарамай жұмыс істеу мүмкін емес». Бұл – жаз ыстығын сипаттаған қала тұрғындарының пікірі. Биылғы жаздың аптап ыстығы бұрынғыға ұқсамайды. Себебі климаттық өзгерісті жазы ыстық болатын өңірлер ғана емес, әлемнің әр бұрышында өмір сүріп жатқан елдер бастан кешуде.



АПТАП ЫСТЫҚ НЕМЕСЕ

КЛИМАТТЫҢ ЖАҢА ДӘУІРІ

Ғалымдар жаһандық жылыну әсерінен климаттың жаңа дәуірі басталатынын айтып, дабыл қағуда. Ауа райындағы өзгерісті бақылап, зерттеп жүрген мамандар жыл сайын күннің қатты ысып бара жатқанын айтады. Тағы бір айта кетерлігі, «ең ыстық кезеңнің» жылдан-жылға асып түсуі. Зерттеуші ғалымдар бұл өзгерістің салдарын да айтып жүр. Яғни жер бетіндегі температураның шектен тыс қызуы – адамзаттың бүгінгі әрекетінің салдары. Мәселе – қазба отынды жағу салдарынан ауада парниктік газ түріндегі салмақ көрсеткішінің артуы. Сарапшылар пікіріне сүйенсек, қазба отынды жағу салдарынан алдағы жылдары жер бетіндегі температура көтеріле береді. Адамдардың ендігі міндеті – жаһандық жылынды тоқтату үшін әрекет ету.

Бұдан екі жыл бұрын жаз ыстығына қатысты мәлімдеме жасаған БҰҰ Бас хатшысы Антониу Гуттериш «планетаны қайнатып алмауға» шақырып, мәлімдеме жасаған еді. Оның айтуынша, бұл ауамен тыныстау мүмкін емес. Кейінгі жылдардағы жарияланған мәліметтерге сүйенсек, ауа температурасын бақылау тарихында жыл сайын жаз ыстығы біріне-бірі ұқсамайтын ерекше ыстықпен ерекшеленуде. «Бұл ыстық адам төзгісіз» деген Антониу Гуттериш адамзат баласының қазба отыннан түсетін табысқа кенеліп, климат өзгерісіне немқұрайлылық танытуын алға тартты.

4-БЕТТЕ

Еліміздің макроэкономикалық тарихына көз жүгіртсек, 2025 жыл Қазақстан үшін нағыз қайтулы кезең болды. Жыл қорытындысы бойынша ел экономикасы соңғы онжылдықта болмаған рекордтық өсімді көрсетіп, жалпы ішкі өнім бірден 6,5 пайызға өсті. Салыстырмалы түрде айтсақ, экономикалық тұрақты саналған 2013 жылдың өзінде бұл көрсеткіш 6 пайыздан аспаған еді. Ал биылдың өзінде алғашқы жартыжылдық қорытындысы экономиканың жаңа кезеңге өткенін аңғартады. Қазіргі таңда елдің экономикалық өсімі 4,1 пайыз деңгейінде қалыптасып отыр.



ЭКОНОМИКА ӨСКЕНІМЕН, БАҒА НЕГЕ ТҮСПЕЙДІ?

Әрине, өткен жылғы рекордтық өсімнен кейін бұл сандар біраз баяулау сияқты көрінуі мүмкін. Алайда сыртқы геосаяси сын-қатерлер, жаһандық нарықтағы тұрақсыздық және мұнай өндірісі азайған тұста бұл – өте жақсы әрі сапалы көрсеткіш. Қазіргі 4,1%-дық өсім Қазақстан экономикасының тек мұнайға ғана тәуелді емес екенін және ішкі тұрақтылықты мығым сақтап тұрғанын дәлелдейді.

Өсімге ықпал еткен негізгі фактор мұнай секторы емес, құрылыс, өнеркәсіп, инвестиция және көлік саласы. Бұл туралы Үкімет отырысында Ұлттық экономика министрі Серік Жұманғарин мәлімдеді.

Бүгінгі таңда Қазақстан экономикасының тұрақты өсімін қамтамасыз етіп отырған басты қозғаушы күш – инвестициялық белсенділік. Биылғы жылдың алғашқы алты айының қорытындысы бойынша, елдің негізгі капиталына құйылған қаржы көлемі 9,5 триллион теңгеге жеткен. Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда нақты 9,6 пайыз. Мемлекеттік бюджетке иек артқаннан гөрі, нарыққа жеке капиталдың белсенді араласуы трендке айналды.

– Инвестициялар тұрақты өсім динамикасын көрсетуде. Әсіресе, жеке инвестициялардың көлемі бірден 21,4%-ға артып, айтарлықтай серпін берді. Қазіргі уақытта жалпы инвестиция құрылымындағы жеке капиталдың үлесі 87%-ға жетті, – дейді Серік Жұманғарин.

2-БЕТТЕ

Ұлан-ғайыр даланың әрбір тау-тасы мен сай-саласы ән салып тұрғандай. Ұлы даланың дүбірі домбыраның күмбіріне сыйған секілді. Қазақтың көне музыкалық аспаптары бір сәтте қосыла үн қосқанда көз алдына кең даланың шексіз бейнесі тұра қалғандай көрінеді. Сол сәтте тұла бойың шымырлап, кеудеңдегі сезім оты маздай түседі. Сыр өңірінің абыройын биіктетіп, айыбын асырып жүрген Тұрмағамбет атындағы халық аспаптар оркестрі бүгінде ел арасында зор қошеметке бөленіп

үлгерді. Өнер ұжымының ұлттық нақыштағы саз әуені қазақтың өткені мен бүгінін айшықтай түседі.

3-БЕТТЕ

ҰЛТТЫҚ МҰРАНЫ ЛЫҚТАҒАН ОРКЕСТР





Қазақстанда шағын және орта бизнес қарқын алып, мемлекеттік бюджет кірісі де өскен. Статистикалық деректерге сүйенсек, жеке кәсіпкерлер мен өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың саны 1,9 миллионнан 2,4 миллионға дейін өскен. Қосылған құн салығын төлеушілер

– Қазақстан үшін 4,1%-дық өсім жаман көрсеткіш емес. Алайда ел экономикасының көлемін ескерсек, мұндай өсім айтарлықтай серпіліс әкелмейді. Соңғы жылдардағы жалпы ішкі өнімнің өсімі нақты өндірістің артуынан емес, инфляция мен бағаның қымбаттауынан қалыптасқан. Яғни тауар көлемі көбеймесе де, оның бағасы өскендіктен жалпы ішкі өнім көлемі жоғары болып көрінеді, – дейді ол.

Сарапшының сөзінше, қазіргі жағдайда негізгі міндет – инфляцияны 4-5% деңгейіне дейін төмендетіп, баға тұрақтылығына қол жеткізу. Осыдан кейін ғана жаңа өндіріс орындарын ашу, инвестиция тарту және өңдеу өнеркәсібін дамыту арқылы сапалы экономикалық өсімге қол жеткізуге болады.

– Біздегі экономиканың көлемі шамамен 300 млрд АҚШ долларын ғана құрайды. Сондықтан біздегі 4,1%-дық өсімді триллиондаған долларлық экономикасы бар мемлекеттердің көрсеткішімен салыстыруға болмайды. Ірі экономикалардағы 4%-дық өсімнің экономикалық әсері әлдеқайда ауқымды болса, Қазақстан үшін бұл оң нәтиже болғанымен, аса үлкен серпіліс деп айту қиын. Осы мәселеге қатысты біз, экономистер қауымы, арнайы зерттеу

біздегі экономикалық өсімнің де жоғары болуына әсерін тигізіп тұр. Осыдан сұрақ туындайды: үкіметтің өзіне кейде осындай бағалық өсімнің, инфляцияның жоғары болуының өзі керек сияқты, – дейді Мақсат Халық.

Осы тұста мемлекеттің басты екі экономикалық институты – Үкімет пен Ұлттық банк арасында мақсат қайшылығы туындайды. Ұлттық банктің басты міндеті – баға тұрақтылығын қамтамасыз ету, яғни инфляцияны ауыздықтау. Ұлттық банк инфляцияны төмендету арқылы халықтың табысын құнсызданудан қорғауға тырысады. Ал Үкіметтің алдында мүлдем басқа міндет тұр. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша 2029 жылға қарай еліміздің экономикалық ауқымын 450 миллиард долларға жеткізу қажет. Бұл жемені бағындыру үшін жыл сайын ЖІӨ-нің тұрақты түрде кем дегенде 6-7% өсімін қамтамасыз ету шарт. Мұндай қарқынды нақты өндіріс есебінен жылдам қамтамасыз ету қиын болғандықтан, Үкімет белгілі бір дәрежеде бағалардың өсуін пайдаланып, номиналды өсім арқылы жоспарды орындауға бейім болуы мүмкін. Бұл жағдай экономиканы реттеудегі «Аққу, шортан һәм шаян» кейпін еске түсіреді.

Бүгінде тұтынушылық несие көпшілік үшін қаржылық қиындықтан шығудың бір жолына айналды. Алайда несие көлемінің шамадан тыс өсуі халықтың қарыз жүктемесін арттырып, экономикалық тұрақтылыққа да әсер етуде. Бірі баспана алуға, енді бірі күнделікті тұрмысқа қажеттілігін өтеу үшін несие рәсімдейді. Соңғы уақытта мемлекет халықтың шамадан тыс қарыздануын тежеу мақсатында заңға бірқатар өзгеріс енгізіп, несие беру тәртібін қатаңдатты. Қабылданған шаралар қандай нәтиже берді, несие нарығындағы қазіргі ахуал қандай және бұл өзгерістер инфляцияға қалай әсер етеді?

ҚАРЫЗҒА ҚҰМАРЛЫҚ БАСЫЛДЫ



Бүгінде елдегі экономикалық белсенді 9 миллионнан астам қазақстандықтың мойнында несие бар. Қазіргі уақытта халықтың екінші деңгейлі банктер мен қаржы институттары алдындағы жалпы қарызы шамамен 25 триллион теңгені құрап отыр. Ұлттық банк төрағасы Тимур Сүлейменов елдегі қарыз жүктемесінің айтарлықтай артқанын және халықтың несиелендіру көлемі орта есеппен 30%-ға жуық өскенін мәлімдеді. Несие нарығының өсуі мен халықтың қарыз жүктемесі жылдан-жылға артуы мемлекет тарапынан нақты шаралар қабылдауды талап етті. Несиеге тәуелді азаматтар санының көбеюі қаржы жүйесінің ғана емес, әлеуметтік тұрақтылықтың да маңызды мәселесіне айналды. Осыған байланысты Ұлттық банк пен Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі тұтынушылық несиелеуді қайта қарап, халықтың шамадан тыс қарыздануын тежеуге бағытталған жаңа реттеу тетіктерін енгізді.

2026 жылдың 1 шілдесінен бастап қаржы нарығында құрылымдық өзгеріс басталды. Ұлттық банк пен Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі халықтың шамадан тыс қарызға батуын тежеу үшін несие беру талаптарын ресми түрде қатаңдатты. Қабылданған реттеу шаралары бұл үдерісті айтарлықтай тежеп, нарықты қалыпта арнаға түсіргендей. Белгілі экономист Айбар Олжайдың айтуынша, қазіргі уақытта тұтынушылық несие беру қарқыны «суып», нарықта тәртіп орнаған.

– Ұлттық банк пен Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі бұдан былай несие беру талаптарын қатаңдату шараларын уақытша тоқтату туралы шешім қабылдады. Өйткені қазіргі таңда қабылданған шектеулердің өзі нарықты реттеуге толық жеткілікті. Егер талаптарды әрі қарай қыса түсетін болсақ, елдегі экономикалық белсенділік күрт төмендеп кетуі мүмкін. Қазірдің өзінде ішкі нарықта тұтыну көлемінің айтарлықтай азайғаны байқалады. Ал халықтың сатып алу қабілетінің төмендеуі, бірінші кезекте, шағын және орта бизнеске үлкен соққы болады. Экономикалық өсім қарқынының баяулауы да осы қауіпті растап отыр. Сондықтан бұған дейін енгізілген ережелер өз күшінде қалады, бірақ несие саясатын бұдан әрі қатаңдату шаралары әзірге шегерілді, – делі Айбар Олжай.

Бүгінде агенттік енгізген және іске қосылған мына ережелер нарықта тәртіп орнатуға толық жеткілікті. Сіздің зейнет-ақы аударымдарыңыз немесе міндетті медициналық сақтандыру жарналарыңыз болмаса несие алу қиындайтыны да айтылған. Сондай-ақ отбасының ортақ бюджетін қорғау үшін несие алған кезде жұбайыңыздың заңды келісімі сұралады. Алаяқтардың арбауына түсіп қалмауыңыз үшін немесе қайта ойлануыңыз үшін бір тәулік «суыту мерзімі» бар. Егер сіз 500 мың

теңгеден асатын несиеге өтінім берсеңіз, банк бірден аудармайды. Соңғы 12 ай ішінде қарыз төлемін 90 күннен артық кешіктірген және соңғы 6 айда құмар ойындарға жиі ақша аударған азаматтарға несие алу мүмкіндігі қысқарады. Қабылданған ережелер жалғасады. Тек мемлекет бұдан әрі жана қысымдар мен шектеулерді қосуды уақытша тоқтата тұруды ұйғарды.

Сонымен қатар сарапшы Айбар Олжай несие арқылы келетін инфляциялық қысымның басылғанын алға тартты. Оның болжамы бойынша, қазіргі 10,3% деңгейіндегі инфляция жыл соңына қарай 10%-дан төмен түсіп, 9,4-9,5% шамасында тұрақтауы тиіс. Ішкі нарықтағы баға өсіміне несие нарығынан да басқа да факторлар бар. Мәселен, Ресейдегі жанар-жағармай тапшылығының әсері болуы ықтимал.

– Ішкі факторлар реттелгенімен, сыртқы тәуекелдер әлі де бар. Көрсілес Ресейдегі жанар-жағармай тапшылығы еліміздегі бағаның қымбаттауына және инфляцияның басқа арналардан өсуіне түрткі болуы мүмкін. Алайда бұл жайт несие нарығына еш қатысы жоқ, тек сырттан келетін таза макроэкономикалық қысым, – дейді ол.

Ұлттық банк келесі жылдың 1 қаңтарынан бастап қарыздың табысқа қатынасы бойынша жаңа шекті мәнді енгізуді жоспарлап отыр. Бұл құрал алдағы уақытта қарыз алушының несиені уақытылы қайтара алу қабілетін бұдан да дәлірек әрі объективті бағалауға мүмкіндік береді. Нарықта көп талқыланған ереже әзірге енгізілмейді. Ұлттық банк бұл қадамнан бас тартты, өйткені нарықты артық қысымнан қорғау қажет. Реттеуші органның бұл шешімін Айбар Олжай да құптап отыр.

– Банктер үшін талаптарды бұдан әрі қатты қатаңдату мәселесі қызу талқыланған еді. Бұған дейін Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі тарапынан енгізілген шектеулердің өзі жақсы жұмыс істеп тұр. Олар жалпы несиелендіру қарқынын едәуір төмендетті. Мәселен, несие алу кезіндегі «суыту» мерзімі, қарыз сомасы 500 мың теңгеден асқанда жұбайының ресми келісімін алу талабы сияқты ережелер өте тиімді нәтиже көрсетуде. Сондай-ақ банк несиелерінің шекті пайыздық мөлшерлемесі де белгіленген деңгейден аспауы тиіс деген талап өз күшінде. Осы қабылданған шаралардың барлығы қазірдің өзінде нарықты реттеуде өз жемісін беруде, – делі сарапшы.

Мемлекет несие нарығын реттеуде «алтын ортаны» тапқан сияқты. Қарыз – уақытша көмек болғанымен, оны өтеу – ұзақ мерзімді жауапкершілік. Сондықтан мемлекет енгізген талаптарды тек шектеу емес, халықтың қаржылық қауіпсіздігін күшейтуге бағытталған қадам ретінде қабылдаған жөн. Ең бастысы, әрбір азамат несие аларда ертегі күннің мүмкіндігін бүгіннен таразылай білуі қажет.

ЭКОНОМИКА ӨСКЕНІМЕН, БАҒА НЕГЕ ТҮСПЕЙДІ?

саны 135,8 мыңнан 158,2 мыңға жеткен. Реформа бюджет кірісін ұлғайтып, фискалдық тұрақтылықты нығайтуға ықпал еткен. Премьер-Министрдің орынбасары – Ұлттық экономика министрі Серік Жұманғалин бірінші жартыжылдықта мемлекеттік бюджет кірістері шамамен 16%-ға артқанын айтты. Оның сөзінше, қосылған құн салығынан түсетін

жүргіздік. Талдау барысында инфляция мен баға құбылмалылығының шынайы әсерін анықтау үшін 2005 жылғы бағаларды негізгі базалық көрсеткіш ретінде бекітіп, экономикамыздың нақты өсімін есептеп көрдік. Нәтижесінде қызықты әрі ойланарлық жайт анықталды. Бүгінде біз мақтан тұтып жүрген 300 миллиард долларлық эконо-

– Менің ойымша, бірінші кезекте бізге баға тұрақтылығы керек. Сол кезде халықтың, қолына алып отырған еңбекақысы құнсызданбайды. Одан кейін экономикалық өсімді қосымша зауыттар мен фабрикаларды салу, инвестиция тарту, елімізде тауар өндірісін жолға қою сияқты қадамдар жасауға болады. Сол кезде сапалы экономикалық өсім болады және халықтың өмір сүру сапасына да әсер етеді, – дейді экономист.

Қорыта айтқанда, бүгінгі Қазақстан үшін тек құрғақ статистика мен миллиардтаған долларлық сандық көрсеткіштердің сонынан жүгіретін уақыт келмесе кетті. Нарық бізге басты мақсат – жалпы ішкі өнімнің пайызын жасанды өсіру емес, экономикалық дамудың шынайы сапасына назар аудару екенін айқын ұғындырды. Ол үшін алдымен, инфляция құрығын мықтап ұстап, оны қалыпты 4-5% шегіне дейін түсіру қажет. Тұрақты баға – халықтың сатып алу қабілетін сақтап қана қоймай, елге ұзақ мерзімді ірі капиталдың келуіне жол ашатын басты фактор. Экономикалық өсім тек мұнай бағасына немесе

Қазіргі жағдайда негізгі міндет – инфляцияны 4-5% деңгейіне дейін төмендетіп, баға тұрақтылығына қол жеткізу. Осыдан кейін ғана жаңа өндіріс орындарын ашу, инвестиция тарту және өңдеу өнеркәсібін дамыту арқылы сапалы экономикалық өсімге қол жеткізуге болады.

Үкімет үшін жоғары инфляция мен бағалардың қымбаттауы белгілі бір дәрежеде «тиімді» болып көрінуі мүмкін. Себебі инфляция жоғарылаған сайын тауарлардың номиналды бағасы өсіп, сәйкесінше жалпы ішкі өнімнің де өсімі жеделдей түседі.

– Менің ойымша, бізге ең бірінші кезекте осы инфляцияны ауыздықтау керек. Өйткені инфляция жоғары болса, демек, тауарлардың бағасы өседі. Соның есебінен біздің жалпы ішкі өніміміз де өсім беріп отыр. Оны қарапайым тілде былай түсіндіріп айтуға болады. Мысалы, бір литрлік бір бөтелке су өткен жылы, айталық, 200 теңге тұрған болса, енді оны 300 теңге деп қойсақ, сонда ол бөтелке судың саны көбейіп жатқан жоқ, яғни қосымша тауарлар өндірісі емес, тек қана бағалық өсім нәтижесінде экономикалық өсімге қол жеткізіліп отыр деп айтуға болады. Сонда соңғы жылдардағы осы бағаның, инфляцияның жоғары болуы, белгілі бір дәрежеде

шікізат экспортына телмірмеуі тиіс. Ел ішінде жаңа зауыттар мен фабрикалар ашып, өңдеу өнеркәсібін жолға қою және қосымша құны жоғары отандық өнімді ынталандыру – экономикалық тәуелсіздіктің негізі. Қазына қаржысына ғана сүйенбей, жеке және шетелдік инвестицияларды тарту арқылы нарыққа жаңа дем беру маңызды. Бұл елге тек ақша емес, сонымен бірге озық технологиялар мен мыңдаған тұрақты жұмыс орындарын әкеледі. Шын мәнінде, мемлекеттің дамуы мен әлеуеті тек қағаздағы миллиард-тармен емес, қарапайым халықтың әлеуметтік әл-ауқатының артуымен, дүкендегі тұрақты бағамен және отандық өндіріспен өлшенеді. Осы маңызды қадам жүзеге асқанда ғана, макроэкономикалық өсім әрбір қазақстандық отбасының өмір сүру сапасын жақсартуға нақты ықпал ете алады.

Бетті дайындаған
Думан КЕҢШІЛІК
Суреттер ашық дереккөзден алынды

Қазақстан үшін 4,1%-дық өсім жаман көрсеткіш емес. Алайда ел экономикасының көлемін ескерсек, мұндай өсім айтарлықтай серпіліс әкелмейді. Соңғы жылдардағы жалпы ішкі өнімнің өсімі нақты өндірістің артуынан емес, инфляция мен бағаның қымбаттауынан қалыптасқан. Яғни тауар көлемі көбеймесе де, оның бағасы өскендіктен жалпы ішкі өнім көлемі жоғары болып көрінеді.

түсімдер өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда шамамен 50%-ға көбейген. Осылайша, шикізатқа жатпайтын салалардың қарқынды дамуы мен жоғары инвестициялық белсенділік экономика өсуінің тұрақты негізін қалыптастыруда. Үкімет жыл қорытындысында ел экономикасының кемінде 5%-дық өсіміне қол жеткізуді мақсат етіп отыр.

Өсім бар, бірақ...

Кез келген мемлекеттің экономикалық саясатының басты көрсеткіші – жалпы ішкі өнімнің өсу қарқыны. Алайда құрғақ статистиканың артында тұрған сапалық көрсеткіштерге терең бойламай, шынайы экономикалық ахуалды дұрыс бағалау мүмкін емес. Соңғы жылдары ел экономикасында байқалған серпінді сандардың астарына үңілесек, біз «өсім сапасы» деген аса маңызды ұғымға тап боламыз. Бюджет кірісінің артуына бизнестің белсенділігімен қатар, инфляция мен бағаның өсуі де әсер етуі мүмкін. Үкімет жалпы ішкі өнімнің өскенін және экономиканың оң қарқынмен дамып жатқанын мәлімдегенімен, сарапшы Мақсат Халық бұл көрсеткішке қатысты басқа пікірде. Оның сөзінше, жалпы ішкі өнім өсімі әрдайым экономиканың нақты күшеюін білдірмейді. Өсімнің едәуір бөлігі инфляция мен бағаның қымбаттауынан қалыптасуы мүмкін. Сондықтан экономикалық көрсеткіштерді бағалауда өсімнің көлемімен қатар оның сапасы мен халықтың әл-ауқатына нақты ықпалына назар аудару қажет екендігін ескертеді.

Басы 1-бетте



Ғалымдардың дабыл қағуының жөні бар. Олардың айтуынша, климаттың өзгеруі қарқынды жыл сайын күшейе берсе, бізді тұрақсыз әрі қатерлі ауа райы күтіп тұр деп есептеуге болады. Экологияны жақсарту мақсатында Париж келісімінің мақсаты – ғаламдық орташа жылынуды +1,5 градус деңгейіне шектеу. Өкінішке қарай, мұның өзі мүмкін емес болып барады. «IPCC» ұйымының бағалауы бойынша алдағы он жылда Жер температурасы бұл межеден асып түсуі мүмкін. Халықаралық қауымдастық үшін алдағы онжылдық маңызды кезең болмақ. Яғни климатқа әсер ететін парниктік газ шығарындыларын жедел түрде қысқартпасақ, жер температурасы ойлаған межеден асып түсуі мүмкін. Яғни температураның жыл сайын көтеріле беруі үлкен өзгеріс әкеледі. Мәселен, 2 градус жылынуда көптеген экожүйе қайта қалпына келмейтін өзгеріске ұшырайды, ал 3-4 градус жылынуда ауыл шаруашылығы, су ресурстары, инфрақұрылым жайына қиындық келтіруі мүмкін. Осы орайда, Біріккен Ұлттар ұйымының дабыл қағуы бекер емес. БҰҰ Бас хатшысы Антониу Гуттереш климаттық өзгерістің алдын алуға жедел әрекет етпесек, үлкен қателікке жол беретініміз анық екенін айтты. «Сонда не істеу керек?» деген сұрақ тууы заңдылық. Климаттық өзгерістердің алдын-алудың бірден-бір жолы парниктік газ шығарындыларын мейлінше қысқарту – яғни, көмір, мұнай, газ жағуды азайтып, баламалы жасыл энергия көзін пайдалануға көшу.

Америкалық ғалымдар Гренландия мен Антарктиданы қоспағанда 215 мың мұздықтарды зерттеген. Мұздықтардың басым бөлігі Антарктида мен Арктикада орналасқаны белгілі. Егер мұндағы мұз жылыну әсерінен еритін болса, теңіз деңгейі 60-70 метрге дейін көтерілуі мүмкін. Бұл жағдай ғаламшардың біраз бөлігін су басып қалу қаупін тудыратыны белгілі. Кейінгі жылдары ғаламдық жылыну әсерінен мұздықтардың тез еруі байқалған.

«IPCC» ұйымы жарияланған деректерге сүйенсек, қазба байлықты жағу салдарынан планетаның орташа температурасы шамамен 1,1 градуска көтерілген. Ғалымдар климаттағы қарқынды өзгеріс соңғы мыңжылдықта болмаған құбылыс екенін айтуда. Адамзат жылыну салдарының әсерін зерттеп, әрекетке көшпесе, төтенше жағдайлар орын ала беретіні болжанған. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметіне сүйенсек, аптап ыстық адамның денсаулығына да, ел экономикасына да кері әсерін тигізеді. Еңбек өнімділігі күрт төмендеп, соның әсерінен көптеген сала шығынға ұшырауы мүмкін.

Ғалымдардың болжамына сүйенсек, 2050 жылға қарай климаттық өзгерістердің әсерінен 1 млрд-тан астам адам климаттық босқына айналуы мүмкін. Анығын айтқанда өзі тұратын өңірдің ыстығына шыдай алмай, көптеу мәжбүр болады. Әлемнің түкпір-түкпірінде ауыл шаруашылығы өнімінің түсімі азайып, азық-түлік бағасының өсуіне әсер етеді. Бүгінде климаттық өзгеріс әсерінен болатын инфляция туралы да айтылып жүр. Климаттағы өзгеріс тек экологияға ғана емес, ел экономикасына, халықтың өмір сүру сапасына да кері әсерін тигізетіні сөзсіз.

Басы 1-бетте

«National Geographic» зерттеушілері 2050 жылға қарай Арктикада 520 мың шаршы шақырым мұз ғана қалуы мүмкін екенін айтады. Болжам бойынша 50-80 пайыз мұздық еріп кетуі мүмкін. Ал мұның салдары адамзатқа үлкен қауіп төндіреді. Әлемдік мұхиттағы мұздықтар да бұрын дәл осындай қалыппен бірте-бірте опырылған.

Нәтижесінде әлемдік мұхит деңгейі 500 жылда 18 метрге дейін көтерілген. Демек, болашақта бұл жағдай қайталануы мүмкін. Мұздықтар жайлы айтқанда, ғаламдық мәселе бізден әлдеқайда алыста болып жатқандай сезілетіні рас. Алайда біздің ел үшін бұл жана тақырып емес. Себебі Қазақстанда 2724 мұздық орналасқан, соның ішінде ең танымалы Тұйықсу мұздығы да жыл сайын еру салдарынан жұқарып барады. Соның әсерінен мұздықтардан өзенге түсетін су көлемі жыл өткен сайын азая түседі. Жаһандық жылынудың әсері Каспий теңізіне де өзгеріс әкелген. Мұндағы беткі ауа температурасы бір градусқа жылынған. «Geophysical Research Letters» журналына жарияланған зерттеу нәтижесі кейінгі 20 жылда теңіздің булана бастағанын, соның әсерінен су деңгейі 1996 жылдан бастап жылына 7 см-ге азайып, 1,5 метр төмен түскенін көрсетеді. Егер бұл өзгеріс жалғаса берсе, теңіз тартыла береді. Кейінгі жылдары әлем жұртшылығы бұл мәселеге назар аударып, шешу жолдарын іздеуде. Бірі жаһандық жылынудың алдын алу үшін адам қолымен жасалған экологиялық апаттарды тоқтату керек десе, енді бірі жасанды мұздықтар ойлап табудың жолын іздеуде.

Кейінгі жылдардағы климаттық деректер бойынша Қазақстанда орташа жылдық ауа температурасы дүние жүзімен салыстырғанда екі есе жылдам жоғарылауда. Ғалымдар болжамына сүйенсек, 2050 жылға қарай елде жауын-шашын азайып, ыстық ауа райы ұзақ уақытқа сақталуы мүмкін. Жаздың аптабына үйренген оңтүстік өңірдегілер кейінгі жылдардағы ыстықтың адам төзгісіз екенін айтса, теріскей тұрғындары да жаз жыл сайын ыстық болып келе жатқанын айтады.

Жансауле Ибрагим-қызының Астанаға қоныс аударғанына 10 жылдай уақыт болыпты. Алғашқы жылдары күздік киімдерді жаз мезгілінде жинай қоймайтынын айтқан ол кейінгі жылдары Астана жазы да тұрғындардың мазасын қашыратындай ыстық болып жүргенін айтады. Тіпті «Астанаға желдеткіш орнатудың қажеті жоқ» дейтін пікір де өзгерген.

– Биыл үйімізге желдеткіш орнаттық. Елдің бәрі үйіне салқындыт қурылғыларын орнатуда.

Құрылғыны орнатқан компанияларда кезек көп, алдын ала жазылып, кезек күтесіз.

Бағасы да арзан емес. Бұрынғыдай кеш түсе жылы киім іздемейтін болды. Елордаға көшіп келген жылдары жаз мезгілінде күздік киім киетін едік. Биыл ерекше ыстық, – дейді ол.

Жалпы климаттық өзгеріс салдарынан әлемнің түкпір-түкпірінде адамдар ыстықтың зардабын тартуда. Осыған орай, дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының еуропалық аймақтық бюросының директоры Ханс Анри П.Клюге мәлімдеме жариялады. Оның айтуынша, ыстық әлі басылған жоқ. Еуропада алдағы уақытта болатын қатты ыстық адам өліміне әкелуі мүмкін. Ол мұндай кезде ыстықтан сақтануға шақыратын алдын ала жасалған жұмыс жоспарының пай-

дасы к ө п екенін айтады. Мәселен, Италиядағы өлім-жітімді бақылау жүйесі дағдарыс кезінде адамдарға пайдалы деректерді ұсына алады. Испания халықты ыстық күндердегі қауіп туралы маңызды ақпаратпен қамтамасыз ету үшін медиа серіктестермен тікелей жұмыс істеуде. Австрия жұмыс орындарында ыстықтан қорғау ережелерін енгізді.

Солтүстік Македония тұрақты баспанасы жоқ адамдарға көмектесу үшін Қызыл Жарты Ай ұйымымен бірлесіп жұмыс істеген. Ханс Анри П. Клюге өз мәлімдемесінде климаттық өзгерістерге байланысты әр елдің ұлттық іс-қимыл жоспары болуы мәселенің жүйелі шешілуіне ықпал ететінін айтты. Яғни іс-қимыл жоспары бар елдерде денсаулық саласы түрлі жағдайға әзір болатыны, тұрғындарға аптап ыстық туралы нақты мәліметті алдын-ала жариялап отыруға, ыстықтың қаупін алдын-ала болжауға болатынын жеткізді.

Жаһандық жылынудың әсері бізді айналып өтпейтіні анық. Негізінен ауыл шаруашылығы саласына бейімделген өңір ретінде Қызылорда облысы кейінгі жылдары су тапшылығын сезіне бастады. Дикандар үшін бүгінде су тапшылығы негізгі мәселеге айналғаны белгілі. «Қазсушар» РМК Қызылорда филиалының «Қызылордасушар» өндірістік учаскесінің басшысы Жорабек Нұрымбетов жаһандық жылыну әсерінен су азая бастағанын айтады.

– Климаттың жылынуы салдарынан дүние жүзі бойынша су тапшылығы сезілуде. Мұны бүкіл дүниежүзілік қауымдастық мойындап, түрлі іс-шаралар қабылдауда. Бұл мәселе Қазақстанды да айналып өтпейтіні анық. Оның ішінде Сыр өңірінде де су тапшылығының әсері сезілуде. Шыны керек, осы уақытқа дейін

судың қадірін білмедік, әлі де бағаламай келеміз. Суды таусылмайтын байлық деп санап, әлі күнге дейін ауызсуды көлік жууға, бақша суаруға және басқа мақсаттарға есепсіз пайдаланамыз. Бұл біздің суға деген қозғарымыз қандай екенін білдіреді. Жалпы су болашағына немқұрайлы қарауға болмайды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Судың да сұрауы бар» екенін әрдайым өз Жолдауында, Сыр өңірінде өткен Құрылтай отырысында атап айттып, су мәселесіне назар аударып келеді. Өйткені келешекте су мұнай мен алтыннан да қымбат болуы мүмкін. Халық мұнайсыз күн көре алатыны анық, ал сусыз өмір жоқ екені белгілі. Сондықтан суды «келешектің валютасы» деп атайды. Африка елдерінде бір литр судың бағасы бірнеше доллар тұрады.

Соның өзінде суды ақшасына қарай емес, жан басына қарай өлшеп береді. Судың әр тамшысы бағалы десе де болады. Су тапшылығын дәл қазір болмаса да келешек ұрпақ сезінуі мүмкін. Қазірдің өзінде жерасты суы азайғанын байқауда болады. Жерүсті суы мен жерасты суы екеуі бір-бірімен байланысты. Жер бетіндегі су азайса, жер астындағы су да кемиді. Мысалы, қаладағы «Арай» шағын ауданында бұрын үнемі ыза су көтеріліп жататын еді. Кейінгі кезде сол ыза су кетіп қалды. Сондай-ақ қала аумағында, мысалы, бұрын жерді жеті-сегіз метр тереңдікте қазса, су шығатын, қазір ол 16-15 метр тереңдікке кетіп қалды. Демек, жерасты суы да азайып жатыр. Ғылыми дерекке сүйенбей-ақ көзбен көргенімді айтайын. Жылда Шардара су қоймасында экологиялық тепе-теңдікті сақтау үшін, яғни анығын айтқанда, батпақтанып кетпеу үшін 1 млрд текше метрге дейін су қалдыратын едік. Былтыр су тапшылығына байланысты Шардара су қоймасындағы су деңгейін 216 млн текше метрге дейін төмендетіп жібердік. Осы салада қанша жыл еңбек етіп жүріп мұндай жағдайды бірінші рет көрім еді. Су тапшылығының әсерінен Қызылорда, Түркістан облысындағы егіншілер сусыз қалмау үшін осындай қаламға барлық. Биыл мұндай жағдай қайталанған жоқ, бұл мәселе шешілді дегенмен былтырғы жылмен салыстырғанда жоғарыдағы су қоймаларындағы су көлемі 2,5 миллиардқа дейін кем болды. Ең бастысы, биыл егінге су жеткізу қиын болып жатқан жоқ. Дегенмен жылдан-жылға судың азайып бара жатқанын сезініп отырмыз. Сондықтан суды ұқыпты пайдалануға бүкіл халық атсалысу керек. Шынында, су енді көбеймейді, бұл енді азайғаны азайған, оның үстіне ауа-райы да жылдан-жылға ыстық болып

барады. Жалғыз бізде ғана емес, жаһандық жылыну салдарынан Солтүстік мұзды мұхиттағы мұз еріп, көптеген елді мекенді су алып жатыр.

Кейінгі кезде Сырдария өзеніне жоғарыдан түсетін судың көлемі жылдан-жылға азайып келе жатқанын сезініп келеміз. Осыған байланысты суды үнемдеп пайдалану технологияларын іске асыруымыз қажет. Біріншіден, егіндік жерлерді тегістеу, ішкі су жүйелерін тазалау, су жүйелерінде орналасқан гидротехникалық құрылымдардың дұрыс жұмыс істеуін қамтамасыз ету, суды аз пайдаланатын дақылдарды егуге көшу. Кейінгі кезде суды үнемді пайдалану мақсатында су үнемдейтін технологияларды пайдалануға көшудеміз. Әсіресе біздің облыс үшін ең тиімді әдіс – күріштік жерді лазерлік тегістеу. Бұл өз кезегінде суды 20 пайызға дейін үнемдейді, өнім 30 пайызға дейін жоғары болады. Сол сияқты жанбырлатып, тамшылатып суару технологияларын пайдалану. Мемлекеттен жоғарыда аталған технологияларды пайдаланғанда су жеткізіп беру қызметіне 80 пайызға дейін жеңілдіктер беріледі. Биыл облысқа суды үнемді пайдалану технологиясын енгізген су пайдаланушыларға 10 млрд-қа жуық субсидия бөлінді. Бүгінгі күні мамандарды ойландыратын мәселе суды ұқыпты пайдалану үшін шаруашылықтар су саласының маманын ұстау қажет. Екіншіден, су өлшегіш құрал әр шаруашылықтарда болу қажет және оны пайдалана білу керек, су пайдаланушы су мәдениетіне бейімделетін уақыт жетті деп есептейміз. Бүгінде мемлекет тарапынан суды үнемді пайдалану мақсатында миллиардтаған қаржы бөлінуде, сол қаржыны тиімді пайдалану қажет, – дейді ол.

Кешегі аптаның аптап ыстығы әлі ұмытыла қойған жоқ. Биылғы ерекше ыстық қала инфрақұрылымына да әсер етпей қоймады. Қызылорда қаласының көп шағын ауданында жарық өшіп, тұрғындардың мазасы қашқаны да рас. Ыстықтың әсерінен болған қолайсыздық туралы шаһар басшысы Нұржан Ахатов әлеуметтік желі арқылы тұрғындарға мәлімдеме жасады.

– Қаланың электр энергиясын тұтыну көлемі 70-80 МВт құрайтын болса, қазіргі таңда бұл көрсеткіш 120 МВт-қа дейін артып отыр. Соңғы күндері күннің күрт ысуы салдарынан қаламыздың кейбір электр қондырғылары мен желілерінде ақаулар орын алуда. Қазіргі таңда «Қызылорда электр

тораптары» компаниясының мамандары қалпына келтіру жұмысын жүргізуде. Сонымен қатар алдағы жылу беру маусымына дайындық жұмыстары бойынша қалада 30-ға жуық қосалқы станциялар қайта жаңғырудан өтуде. Бұл жұмыстар түнгі уақытта атқаруға, – дейді қала әкімі.

Тағы бір айта кетерлігі, күннің күрт ысыған аптасында қаланың коммуналдық мекемелері күшейтілген режимде жұмыс істеуге көшті. Қазіргі таңда «Қызылорда тазалығы», «Су жүйесі», «Автобус паркі», қалалық электр тарату орталығы, сондай-ақ жауапты мердігер мекемелер жұмыстарын үзіліссіз атқаруда. Апта басынан қала көшелеріне арнайы техникалардың көмегімен жанбырлатып су себілді. Мұның барлығы тұрғындарға қолайлы жағдай жасау мақсатында жасалуда. Сондай-ақ қызылордалық құтқарушылар балақайларға ерекше қуаныш сыйлады. Өрт сөндіру автоцистерналарымен қаланы аралаған мамандар ата-аналарға және балаларға қауіпсіздік талаптарын түсіндіріп, жанбырлатып су шашты. Балмұздықтар таратып, сергіту ойындарын ұйымдастырды.

Аптапты ыстық кезінде әр адам өз денсаулығына мән беру керек. Әсіресе балалар, қарттар, жүкті әйелдер және созылмалы аурулары бар адамдар аптап ыстықтың әсерін көбірек сезінеді. №3 қалалық емханасының дәрігері Нилуфар Хасанова ыстық күндері денсаулыққа мән беру керектігін айтады.

– Ауа температурасының шамадан тыс көтерілуі ағзаның жылу алмасу жүйесіне күш түсіреді. Соның салдарынан адам тез шаршайды, әлсіздік, бас айналу, бас ауруы, жүрек қағуы байқалуы мүмкін. Кейбір жағдайларда күн оту немесе ыстықтан естен тану қаупі де бар. Сондықтан ыстық күндері денсаулыққа ерекше мән берген жөн. Ең алдымен нәрестелер мен балалар, егде жастағы адамдар, жүкті әйелдер, сондай-ақ жүрек-қан тамырлары, қант диабеті, тыныс алу жүйесі аурулары бар науқастар қауіп тобына жатады. Бұл азаматтар күннің ең ыстық уақытында далада ұзақ жүрмегені дұрыс. Күннің ең ыстық мезгілі – сағат 11:00 мен 17:00 аралығында мүмкіндігінше көлеңкеде немесе салқын жерде болып жүрме. Күні бойы жеткілікті мөлшерде таза су ішіп, жеңіл әрі ашық түсті киім киген жөн. Бас киім киюді ұмытпау керек. Майлы әрі ауыр тағамдарды азайтып, көкөніс пен жеміс-жидекті көбірек тұтынуға кеңес беремін. Күн өткен кезде дене қызуы көтеріледі, қатты бас ауырады, жүрек айнуы, құрсу, әлсіздік, бас айналу байқалады. Кейде адам есінен тануы мүмкін. Мұндай жағдайда науқасты дереу көлеңкеге немесе салқын жерге апарып, киімін жеңілдетіп, су беріп, денесін салқындыт қажет. Егер жағдайы жақсармаса, міндетті түрде жедел медициналық көмекке жүгіну керек. Ал созылмалы ауруы бар адамдар дәрігер тағайындаған ем-домын үзбей қабылдап, қан қысымы мен жалпы жағдайын бақылап жүргені маңызды. Қажет болған жағдайда емдеуші дәрігердің кеңесіне жүгінген дұрыс. Сондай-ақ ыстық күндері ағзаға артық күш түсіретін жұмыстардан аулақ болған жөн. Денсаулыққа жауапкершіліктен қарап, қарапайым сақтық шараларын сақтасаныздар, жаз мезгілін қауіпсіз әрі жайлы өткізуге болады. Өздеріңізді ғана емес, жақындарыңызды, әсіресе балалар мен қарттарды да назардан тыс қалдырмаңыздар, – дейді дәрігер.

Гүлмира МАҒТҰМҚЫЗЫ

Меншік иесі:



жауапкершілігі
шектеулі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт
апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Гүлмира ДІЛДӨБЕКОВА

Телефондар:

Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӘЙМЕН

Басы 1-бетте

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция қозғарысымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығын автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.



Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі, ЖПС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонна хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.
Таралымы 3291 Тапсырыс №1222

Нөмірдің кезекші редакторы Думан КЕЧІШІПҚ